



ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ 6,2%-ҒА ӨСТІ

Бұл туралы 15 шілдеде өткен Үкімет отырысында Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин айтты.

Бұл қарқын алғашқы бес айға қарағанда 0,2%-ға жоғары және кейінгі 14 жылдағы ЖІӨ өсуінің ең жоғары көрсеткіші болып тіркелген. Ал өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім 3,2 пайызға көп.

Экономиканың нақты секторы +8 пайызға, қызмет көрсету саласында 5,2 пайызға оң нәтиже тіркелген. Сондай-ақ, көлік (+22,7%) және құрылыс (+18,4%) салалары да экономиканың өсуіне айтарлықтай үлес қосқан. Саудада жандану және тау-кен өнеркәсібінде тұрақты өсім байқалып отыр (+8,4%). Өңдеу секторы 5,5%-ға, ал ауыл шаруашылығы 3,7%-ға артқан.

Инвестиция игілігі де ел экономикасының өрлеуіне оң сеп болып отыр. Мәселен, негізгі капиталға салынған инвестициялар 19,3%-ға өскен. Нәтижелі көрсеткіштер болашақ экономиканың қалыптастыратын салаларда: білім беру 3,5 есеге, қаржы және сақтандыру қызметі – 86,2%-ға, өңдеу өнеркәсібі - 48,9%-ға, денсаулық сақтау - 32,8%-ға және көлік - 16,2%-ға артқан.

Сонымен қатар, осы жылдың қаңтар-мамыр айларының қорытындысы бойынша сыртқы сауда тауар айналымы \$53,5 млрд-ты құраған. Экспорт \$29,8 млрд-қа жеткен. Бұл ретте өңделген тауарларды шетелге сату үлесі \$10,2 млрд-ты, импорт 2,2%-ға артып, \$23,8 млрд-ты құраған.

Айта кетейік, Қазақстан экономикасы жылдың алғашқы 4 айында 6 пайыз өсім көрсеткен болатын.

ӨТКІЗУ БЕКЕТТЕРІ ТОЛЫҚ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Үкімет отырысында еліміздің шекара инфрақұрылымын жаңарту мәселесі қаралды. Қаржы министрі Мәди Төкеевтің айтуынша, жыл соңына дейін Қазақстандағы халықаралық автомобиль өткізу пункттерінің 100%-ы жаңғыртылады.

Министрдің айтуынша, Қаптанбек, Атамекен, Көлжат және Алакөл өткізу бекеттері жаңартылып, қолданысқа берілген.

Ал қалған бес пункт – Қазығұрт, Төжен, Темір баба, Майқалшағай және Бақты жыл соңына дейін кезек-кезеңімен іске қосылады. Осылайша, Қазақстанның сыртқы шекарасындағы барлық автомобиль бекеттері толық жаңғыртудан өтеді.

Өткізу жылдам, бақылау нақты

Жаңғырту нәтижесінде пункттердің өткізу қабілеті орта есеппен 25%-ға, ал Қытаймен шекарада 37%-ға артқан. Бұған дейін 9 сағатқа дейін созылатын шекарадан өту уақыты қазір 3 сағатқа дейін қысқарған.

«Бұл инфрақұрылымды жаңартудың ғана емес, цифрлық шешімдердің де жемісі», деді Мәди Төкеев. Оның айтуынша, CargoRuqsat электронды кезек жүйесі іске қосылып, 55 мың жүргізуші мен 145 мың көлік құралы тіркелген. Бұл жоба адам факторын азайтып, ету рәсімдерін ашық ері әділ етуді көздейді.

Бірыңғай цифрлық бақылау жүйесі

Жаңғырту жұмыстары толық аяқталғаннан кейін барлық өткізу бекеттері сыртқы шекараны басқарудың бірыңғай цифрлық жүйесіне біріктіріледі. Бұл тек сауда логистикасын жеңілдетіп қоймай, шекара қауіпсіздігін де арттыра түспек. Бизнес пен азаматтар үшін жылдам, қауіпсіз және ашық өтудің жаңа үлгісі қалыптасады.

АУДАН СПОРТШЫЛАРЫ ЛАЙЫҚТЫ ӨНЕР КӨРСЕТТІ



Лайыптыша ауданында шілде айының 9-12 жылдығы аралығында ауыл спортшының мерекесі – «Ақ бидай» жазғы спортшысы өтті. Бұл деңгейде тек спортшылар ғана емес, ауыл жастарының денесі тәрбиесі мен салмағын олар салтын насихаттайтын, бұқаралық спортты дамытуға бағытталған үлкен қадір. 29-шы «Ақбидай-2025» облыстық ауыл спорт чемпионатының ашылу салтанатына Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұлов қатысып, аудандық құрала көзіндігі стадионға бастау салды.

Жалғасы 4-бетте.

СТАҒАЙЫНДАУ

АУДАНЫҒА АРХИВТЕ - ЖАҢА БАСШЫ



«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы» коммуналды мекемесінің жеке құрам бойынша № 85 бұйрығына сәйкес, Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының директоры болып Төлеген Әлжанұлы Әбілмәжінов тағайындалды.

Төлеген Әлжанұлы Әбілмәжінов 1966 жылы 11 тамызда Булаев ауданының Сарытомар ауылында дүниеге келген.

1988 жылы Шағалалы кеңшар-техникумын агроном-егінші мамандығы бойынша бітірген, ал 2008 жылы Ресей-Қазақстан университетін құқықтану мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1988 жылы бастаған. Бригадир, бөлімше меңгерушісі, мұнай базасының

меңгерушісі, шаруа қожалығының басшысы болып жұмыс істеген.

2003-2012 жылдар аралығында – Жастар ауылдық округінің әкімі, 2012-2023 жылдар аралығында – Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының хатшысы қызметтерін атқарды.

2023 жылдан бастап осы тағайындауға дейін «AMANAT» партиясының аудандық филиалының төрағасы болды.

КӨШІ-ҚОН

ОБЛЫСҚА БИЫЛ 460-ТАН АСТАМ ҚАНДАС ПЕН ҚОНЫС АУДАРУШЫ КӨШІП КЕЛГЕН

2016 жылдан бастап облыста көші-қон жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Биылдың өзінде теріскейге 460-тан астам адам қоныс аударған. Оның 66-сы – қандастар.

Адамдар көшіп келеді. Бірақ, оларға жағдай жасала ма? Бұл сұраққа жауапты облыстық «Еңбек мобильділігі» орталығынан біліп көрдік.

«10 жылдың ішінде қандастар мен қоныс аударушыларға арналып 1100-ден астам баспана салынды. Биыл көшіп келген 15 отбасыға үй берілді. Егер біз ұсынған тұрғынжайлар ұнамаса, әр жаңаға 4,5 млн-нан астам өтемақы беріледі. Тінісінше, олар өздері қалаған баспананы сатып ала алады», - делінген облыстық «Еңбек мобильділігі» орталығының редакцияға

берген мәліметінде.

Статистика бойынша, облысқа көшіп келген жандардың көбі аудандарда тұрғысы келеді. Олар теріскейдің таза ауасымен тыныстап, жасыл желектің айналасында өмір сүруді қалайды. Одан қалды, ары қарайғы өмірін солтүстікте жалғастырығысы келетін жандарға кезексіз, конкурссыз, 60 гектар жер телімі тегін беріледі.

Өңірімізге қоныс аударған жандар жұмыс іздеп қиналатыны сөзсіз. Бұл мәселені де «Еңбек мобильділігі» орталығы жеті қарастырған. Ма-

мандар ұдайы көшіп келуші тұрғындармен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Мекемелермен, серіктестіктермен үнемі байланыста болып, вакансиялар қарастырады.

«Көшіп келген қандастар мен қоныс аударушылар арасында 200-ге жуығы еңбекке қабілетті. Соның арасында 100-ден аса адам жұмысқа орналасты. Қалғаны жеке кәсіпкерлік ашып кәсібін деңгелетуде», - деп жазады жауапты орган жауабында.

Айта кету керек, биыл көшіп келгендер арасында мүгедек жандар жоқ. Ал 10 жылдың ішінде қоныс аударған азамат-азаматшалардың арасында 30 мүмкіндігі шектеулі адам бар.



ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМНІҢ САПАСЫ ЖОҒАРЫ



Облыс орталығында «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында жыл сайынғы көрме өтті. Биыл байқауға өңірмізден 32 кәсіпкер қатысқан. Кәсіпкерлер палатасының мұрындық болуымен басталған жоба өсымен үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Жоба жергілікті шикізатты өңдеуді дамыту, бәсекеге қабілетті өңірлік брендтерді қалыптастыру үшін қажет. Көрмені облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов те аралап көріп, жергілікті өнімнен дәм татты.

Көрмені облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Қанат Шамшутдинов ашты. Ол жиналғандарды құттықтап, алдағы жұмыстарына табыс тіледі. Басқарма өкілі байқау қатысушыларының жылдан-жылға артын келе жатқанын тілеп текті. Ал облыстық кәсіпкерлер палатасының төрағасы Есжан Оразалиннің сөзінше, бірінші жылы жобаға 16 кәсіпкер қатысса, бытыр 24, биыл 32 кәсіпкер өтініш берген. Олардың арасында азық-түлік, киім-

кешек пен түрлі бұйымдар өндіретін іскер жандар бар. Көрмеге Мағжан Жұмабаев ауданынан келген Эдуард Ульман сарымсақ өсірумен айналысады. – Жасым 71-ге келсе де соңғы 7 жылда ауырған емеспін. Өйткені өзім өсірген ферменттелген сарымсақ тұтынамын. Оның емдік қасиеті көп. Экологиялық таза өнімнің тұқымдық материалдарын шетелге де жөнелтеміз. Еліміздің барлық өңіріне сарымсақ тұқымын жеткіземіз. Жыл сайын 4 тоннаға дейін өнім жинаймыз. Енді осы өнімді

өңдеуді қолға алмақпыз. Бүгінгі көрмеге сарымсақтан жасалған салат, эликсир, соус сияқты 10 өнім түрін әкелдім, – дейді кәсіпкер. Алда қатысушыларды іріктеудің бірнеше кезеңі күтіп тұр. Сынан сүрінбеген 3 қатысушы өңірді республикалық көрмеде таныстыруға жолдама алады. Сағынғұл ІРГЕБАЕВА, Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы.



ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН 7 МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Елімізде ішкі және келу туризмін дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдаудың 7 негізгі тетігі жүзеге асырылып келеді. Бұл туралы Туризм және спорт министрлігінің баспасөз қызметі мәлім етті.



Бұл шаралар кәсіпкерлерге туризм саласында жаңа мүмкіндіктер ашуға, инфрақұрылымды жақсартуға және қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

- 1. Тау шаңғысы курорттарын жабдықтау**
Аспалы жолдар, қар тазалау техникасы мен жасады қар жабдықтауын сатып алу шығындарының 25%-ы мемлекет тарапынан өтеледі.
- 2. Жол бойындағы сервис нысандарына қолдау**
Мотель, жанармай бекеті, тамақтану орны, дәрхана секілді нысандарды салуға кеткен шығынның 10%-ы субсидияланады.

3. Туристтік объектілерді салу немесе жаңғырту
Қызмет көрсету нысандарын салу мен жаңғырту шығындарының 10%-ы өтеледі.

4. Туристтік автобустар сатып алуға өтемақы
Сыйымдылығы 8 орыннан асатын автобустарды сатып алған кәсіпкерлерге шығынның 25%-ы қайтарылады. Автобустар кемінде 5 жыл туристік мақсатта қолданылуы тиіс.

5. Келу туризмін ынталандыру
Шетелдік турист тартқан әрбір отандық туроператорға бір турист үшін 15 000 теңге көлемінде субсидия төленеді (турист елде кемінде 4 күн, 3 түн болуы және eQonaq жүйесінде тіркелуі шарт).

6. Балаларға арналған әуе билеттерін субсидиялау
18 жасқа дейінгі балалар ішкі туризм турпакеті аясында ел ішінде тегін ұша алады. Бұл жағдайда әуе билеттерінің құны толықтай субсидияланады.

7. Санитарлық-гигиеналық тораптарға қолдау
Туристтік аймақтар мен жол бойындағы санитарлық-гигиеналық тораптарды ұстауға ай сайын 83 300 теңге көлемінде өтемақы беріледі. Министрліктің мәліметінше, бұл қолдау шаралары туристік өнімдердің тартымдылығын арттырып, саладағы кәсіпкерлік белсенділікті күшейтуге бағытталған.

ТӨРТ ТҮЛІК КӨБЕЙДІ, ЭКСПОРТ ТА АРТТЫ

Мал шаруашылығы саласында оң динамика бар. Бұл туралы Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров мәлім етті.

Министрдің айтуынша, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің шамамен 40%-ы мал шаруашылығына тиесілі. Биыл 5 айдың қорытындысы бойынша саладағы өндіріс көлемінің өсімі – 104,2% жеткен.

Бұл өсім сойыс салмақтағы еттің көлемін 3%-ға, сиыр сүтін 7,5%-ға ұлғайту есебінен қамтамасыз етілді. Ет өндіру көлемі бойынша ең жоғары көрсеткіштерге Алматы, Ақмола облыстары, ал сүт өндірісі бойынша – Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары қол жеткізді, – дейді министр.

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері бойынша мал басы тұрақты өсуде.

Жыл басынан төрт түлік басы қалай өсті?
Ірі қара 23,4%-ға артты (9,6 млн бас),
Ұсақ мал – 7,8%-ға (26,3 млн бас),
Жылқы – 12,2%-ға (5,0 млн бас),
Түйе – 8,5%-ға (321,3 мың бас),
Құс – 2,2%-ға (47,7 млн бас) өсті.

Өндіріліп жатқан өнім көлемі ішкі нарықты сиыр және қой етімен толық қамтамасыз етуге, сондай-ақ экспорт көлемін арттыруға мүмкіндік береді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша сиыр еті экспорты 1,4 есеге артты және 22 мың тоннадан асты, қой еті – 2,2 есеге өсіп, шамамен 18 мың тоннаға жетті, – дейді министр.

Жыл басынан өңделген мал шаруашылығында өңделген өнімдері өндірісі артты, оның ішінде шұжық өнімдері – 11,3%-ға, ет консервілері – 27,5%-ға, салқындалатын және мұздатылған қосалқы өнімдері тиісінше 41,9% және 47,1%-ға өсті.

Алайда, жекелеген өнім түрлері бойынша импортқа тәуелділік мәселесі әлі де өзекті. Осыған байланысты саланың бірқалыпты дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шара іске асырылуда, – дейді Айдарбек Сапаров.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ

Мал шаруашылығымен айналысатын қазақстандықтарға жеңілдетілген несие беріледі.

Мал шаруашылығында екі бағдарламаны іске қосу жоспарланып отыр. Бірінші, фермерлерге асыл тұқымды мал басын сатып алуға 5%-бен Аграрлық несиелік корпорация арқылы 6-7 жылға несие беру. Бюджеттен 50 млрд теңге қажеттілік бар. Қаржыландыру бөлу мәселесі пысықталуда.

Екінші, бордақылау алаңдары үшін айналым қаражатын толықтыруға 5%-бен қысқа мерзімге (15 ай) несие беру. Қажет қаржы – 50 млрд теңге. Бұл бағдарлама да Аграрлық несиелу корпорациясы арқылы жүзеге асырылатын болады. Екі бағдарлама бойынша да қаржыландыру бөлу мәселесі заңнама талаптарына сәйкес пысықталуда, – делінген министрліктің ресми жауабында.

АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ СИЫР МЕН ҚОЙ САТЫП АЛУҒА ЖЕҢІЛ НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Ауыл шаруашылығы министрілігі мал шаруашылығын дамыту үшін жеңілдетілген несиелер берілетінін мәлімдеді.

Мал шаруашылығының ет бағыты бойынша асыл тұқымды ірі қара мал және ұсақ қара малды сатып алуға жеңілдетілген несиелу бағдарламасы іске қосылады. Жылдық мөлшерлемесі 5%-дан аспайтын «ұзақ мерзімді» несиелер ұсынылады.

Қаржыландыруға деген қажеттілік – 50 млрд теңге. Сол көлемде 50 млрд теңге айналым қаражатын қаржыландыру бағдарламасы да іске қосылады. Жылдық мөлшерлемесі 5%-дан аспайды, – дейді Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров.

ҚАРЖЫ ЗАҢНАМАСЫНА РЕФОРМА ЖАСАЛМАҚ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биыл Қазақстанда қаржы заңнамасын реформалаудың үлкен пакеті дайындалуда. Бұл туралы ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Тимур Сүлейменов Үкімет отырысында мәлімдеді.

Ол Ұлттық Банк макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыра беретінін атап өтті.

Инфляцияның өсу тәуекелін азайту үшін республикада дезинфляциялық саясат жүргізілмек. Ақша-кредит саясаты құралдарынан бөлек қосымша шаралар қабылданады.

- Алтын сатып алу шеңберінде валюталық операцияларды теңдестіру жалғаспақ.
- Жеке тұлғалардың несиелері бойынша контрциклдік капитал буферін енгізу туралы шешім қабылданды.
- Банктер үшін міндетті резервтердің ең төменгі талаптарын арттыру жұмысы пысықталуда.
- Активтерді басқару аясында Ұлттық қор мен Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының портфельінде жоғары кірістілікке ие активтердің үлесін ұлғайту көзделіп отыр.

- Қаржы секторының цифрлық трансформациясы жалғасады. Цифрлық теңгені масштабтау жұмыстары жүргізіледі. Бұл цифрлық теңгені мемлекеттік қаржының жаңа бағыттарында енгізу мүмкіндіктерін пысықтауды қамтитын болады.

- Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің қаржы заңнамасы бойынша ауқымды реформалар топтамасы әзірленуде. Бұл топтамада банктер, төлемдер, бағалы қағаздар нарығын дамыту және басқа да мәселелер қамтылған. Оған қоса Цифрлық қаржы активтерін реттеуді және Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын енгізу жоспарлануда. Төлем нарығын одан әрі дамытуды жалғастырамыз. Аталған шаралар қаржы секторының экономиканы дамытуға және азаматтардың өл-ауқатын жақсартуға қосып жатқан үлесін арттырады, оның дестүрлі секторларына да, жаңа салаларға да серпін береді.

2025 жылғы 1 шілдеден бастап еліміздегі банктер мен «Қазпошта» акционерлік қоғамы жеке және заңды тұлғалардың шоттары мен қаржылық операциялары туралы мәліметтерді Ұлттық банкке тұрақты түрде жолдайтын болды.

БАРЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ОПЕРАЦИЯНЫ БАС БАНК БАҚЫЛАУЫНА АЛАДЫ

Жаңа тәртіпке сәйкес, азаматтың жеке деректеріне, банк шарттарының өзгеруіне немесе жаңа шот ашуға қатысты кез келген өзгеріс автоматты түрде Ұлттық банкке беріледі. Сонымен қатар барлық қаражат аудару, түсімдер, қолма-қол ақша пешу сияқты барлық қозғалыстар реттеуші органға ұсынылады.

Ресми мәлімет бойынша ақпараттар жеке деректер

көрсетілмей, жалпы сипатта беріледі. Алайда қажет болған жағдайда, әсіресе тергеу жүргізу барысында, мемлекеттік органдар, соның ішінде Қаржылық мониторинг агенттігі (ҚМА), азаматтардың жеке сәйкестендіру нөмірі мен ұйымдардың бизнес сәйкестендіру нөмірін ала алады.

БАЛАЛЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУДА ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫҢ РӨЛІ



Ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерді негізге ала отырып, барлық елдер өз шындықтарына бейімделген халықты әлеуметтік қорғаудың меншікті жүйелерін құрады.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда әлеуметтік қамсыздандырудың көп деңгейлі жүйесі, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы кешенді қамтамасыз етілетін халықты халықаралық стандарттарға сәйкес әлеуметтік қолдау жүйесі құрылды.

Өз кезегінде Әлеуметтік кодекстің 9 тарауында қарастырылған отбасыларды әлеуметтік қорғау шаралары маңызды орын алады. Олардың қатарына бюджет қаражаты есебінен берілетін базалық мемлекеттік жәрдемақылардың түрлері және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (Қор) төленетін әлеуметтік төлемдер кіреді.

Қазақстанда 2005 жылы енгізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі бастапқыда әлеуметтік тәуекелдердің үш түрін қамтыды: еңбекке қабілеттіліктен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу.

Жұмыс істейтін әйелдердің мүдделерін қорғау мақсатында 2008 жылдан бастап міндетті әлеуметтік сақтандыру ана болу мен бала күтіміне байланысты қосымша екі әлеуметтік тәуекелмен толықтырылды.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс істейтін әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік демалыс беріледі. Мұндай демалысты ресімдегеннен кейін болашақ ана жүктілігіне және босануына байланысты табысынан айырылу

жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін Қорға жүгінеді.

Аталған біржолғы төлемнің мөлшері әйелдердің соңғы 1 жылда әлеуметтік аударымдар Қорға төленген орташа айлық кірістеріне байланысты. 2025 жылдың 5 айында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша шамамен 1,3 мың әйел адам 1,2 млрд. теңге сомаға осындай төлем алды және тағайындалған төлемнің орташа мөлшері 1 млн. теңгені құрады.

Бүгінгі күні бала туған кезде ата-аналардың біреуі еңбек қызметін жүзеге асыруына қарамастан, бала тууға арналған мемлекеттік жәрдемақыны бюджет қаражаты есебінен алады, оның мөлшері бірінші, екінші, үшінші балаға - 38 айлық есептік көрсеткішті (АЕК), ал төртінші және одан да көп балаға - 63 АЕК құрайды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, соңғы 5 жылда Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 29,9 мың астам бала, оның ішінде 2024 жылы 5,1 мың бала дүниеге келді.

Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша Қордан төленетін әлеуметтік төлем әрбір балаға жеке тағайындалады. 2024 жылда аталған төлемді Солтүстік Қазақстан облысындағы жаңа туған балалары бар отбасылардың 75,3 %-ы алды.

2025 жылдың 5 айында бұл төлем Солтүстік Қазақстан облысындағы 1,5 мың адамға тағайындалды, ай сайынғы орташа мөлшері 69,3 мың теңгені құрады. Төлем 1,9 млрд. теңге сомасында жүргізілді.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар бала туғанға дейінгі соңғы 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40% - ы мөлшерінде төлемдерді ала алады.

Бала күтімі бойынша демалыс кезінде ай сайын әлеуметтік төлем алып отыратын дар үшін міндетті зейнетақы жарналарының

(МЗЖ) түсуі жалғастырылатынын атап өтеміз. Біржолғы және ай сайынғы әлеуметтік төлемдерден 10% мөлшерінде МЗЖ ұсталынып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады. Сондай-ақ, бала күтімі кезеңінде зейнетақы жинақтарын толыққанды қалыптастыру мақсатында мемлекет міндетті зейнетақы жарналарын қосымша субсидиялайды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бөлігінде Қор цифрлық сервистерді белсенді енгізуде. Осылайша, Қордан тағайындалатын әлеуметтік төлемдерге дестүрлі жолмен - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) бөлімшелері арқылы да, электронды түрде де үйден шықпай-ақ жүгіне алады.

Мысалы, жүктілікке және босануға байланысты біржолғы төлемді тағайындау үшін egov.kz электрондық үкімет порталы немесе Мемлекеттік корпорация бөлімшесі арқылы, ал бала күтімі бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлемге - egov.kz электрондық үкімет порталы, екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары немесе Мемлекеттік корпорация бөлімшесі арқылы жүгінуге болады.

Сондай-ақ, әлеуметтік төлемдер sms-хабарламамен растау жолымен әлеуметтік төлемдерді алу құқығына ике асыруға өтініш берушінің келісімін алу арқылы проактивті түрде тағайындалуы мүмкін.

Төлемдерді тағайындау кезінде Қордың филиалдары құжаттардың (мәліметтердің) дұрыстығын тексеретінін атап өткен жөн. Осыған байланысты, әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық төленбеген, МЗЖ сомалары төленген кірістің әлеуметтік аударымдарға сәйкес келмеген жағдайларда Қор алынған материалдарды қайта ресімдеуге жібереді. Мұндай жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 30 жұмыс күніне дейін ұзартаылады. Бұл кезең тиісті мемлекеттік органдардан, жұмыс берушіден және

басқа да ұйымдардан қажетті қосымша мәліметтер алу үшін қажет.

Осыған байланысты жұмыс істейтін азаматтар жұмыс берушілердің олар үшін әлеуметтік аударымдарды Қорға төлеу фактілерін тексеріп отыру маңызды.

Мұндай ақпаратты egov.kz электрондық үкімет порталы (Басты бет/Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту/Міндетті әлеуметтік сақтандырудың әлеуметтік аударымдары туралы ақпарат) немесе екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелеріне немесе Қордың филиалына жеке басын куәландыратын құжатпен жүгіну арқылы алуға болады.

Бүгін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне Солтүстік Қазақстан облысы бойынша шамамен 165,4 мың жұмыс істейтін азамат қатысады, оның ішінде 2025 жылдың 5 айының қорытындысы бойынша 15,8 мың адам Қордан әлеуметтік төлем алушылар болып табылады.

Қор цифрлық сервистерді дамытуды және төлемдерді алудың қолжетімділігін қамтамасыз етуді жалғастыруда. Республика бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 70%-нан астамы электрондық форматта ұсынылады, бұл процесті жылдам және ыңғайлы етеді.

Қор қызметінің стратегиялық бағыттары барлық жүйенің орнықтылығына, қаражатты пайдаланудың тиімділігіне және халықаралық стандарттарға сәйкес келуіне бағытталған.

Осылайша, міндетті әлеуметтік сақтандыру әлеуметтік қатер туындаған кезеңде, сондай-ақ бала туу және оның күтімі сияқты маңызды кезеңдерде қазақстандықтарды әлеуметтік қолдауды жүзеге асыруға өз үлесін қосуда.

Айгүл ЖҮНІСОВА,
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ СҚО бойынша филиалының директоры.

МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.



Заңдағы өзгеріске сай қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін жарналар базасының жоғарғы шегі арттырылды.

МӘМС жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдарды есептеу үшін базаның жоғарғы шегін арттыру ұсынылады.

Енді жұмыс берушілер жарналарды 40 ең төменгі жалақыдан (ЕТЖ) аспайтын сомадан, ал қызметкерлер - 20 ЕТЖ-ға дейінгі сомадан аударатын болады.

Бұл шешім бизнес пен азаматтарға жүктемені азайтуға, сақтандыру моделінің тұрақтылығы мен қаржылық тұрақтылығын сақтауға, салық салынытын базаның жаңа шегін жүргізуге мүмкіндік береді.

Жаңа өзгеріс жүйенің өділдігін арттырады. Қазір табысы жоғары адамдар пропорционалды түрде аз төлейді.

МӘМС қаржылық тұрақтылығын нығайтып, 2026 жылғы қосымша 200 млрд теңгені қамтамасыз етеді.

Бұл шара қанша қазақстандыққа әсер етеді?

МӘМС жарналары табысы 3 млн 400 мың теңгеден асатын 20 мың қызметкер үшін ғана ұлғаяды. Бұл өлдегі барлық жалдамалы жұмысшылардың 0,36%-ын құрайды.

Жалпы, бұл норма 850 мың теңгеден астам табысы бар жалдамалы қызметкерлердің 9%-ына әсер етеді. Жұмысшылардың 91%-ы үшін ештеңе өзгермейді.

Қазір орташа жалақысы 300 мың теңге болатын қызметкерлер МӘМС жарнасын 6 мың теңге немесе табыстың 2% деңгейінде төлейді.

Орташа жалақыдан 5 есе жоғары 1,5 млн теңге кіріс кезінде 10 ЕТЖ (850 мың теңге) жоғарғы шегі іске қосылады, сондықтан жарна 17 мың теңгеден немесе табыстың 1,1%-ынан аспайды.

Орташа жалақыдан 10 есе жоғары 3 млн

теңгедегі табыстан МӘМС жарнасы 17 мың теңгеге немесе табыстың 0,6%-на тең болып қалады.

Өзгерістерден кейін 2026 жылдан бастап ЕТЖ мөлшерін ескере отырып, МӘМС-ке жалдамалы қызметкерлер мен жұмыс берушілердің жарналары мен аударымдарын есептеу үшін сомадың жоғарғы шегі:

Қызметкерлер үшін - 1,7 млн теңге және ең жоғары аударымдар айына 34 мың теңгені құрайды;

Жұмыс берушілер үшін - 3,4 млн теңге және ең жоғары аударымдар айына 102 мың теңгені құрайды.

Жұмысшылар мен жұмыс берушілер үшін жарна мөлшерлемесі өзгермейді. МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдарды есептеу үшін кірістердің жоғарғы шегі ғана көтеріледі.

Мысалы, қазіргі уақытта МӘМС жарналарын төлеу кезінде 850 000 теңгеден жоғары жалақы алатын адамдарда табысқа пропорционалды арақатынастағы жүктеме төмен болады. Мысалы, 150 000 теңге мөлшерінде жалақы алатын ауруханадағы санитар дәрігер табысқа пропорционалды түрде МӘМС-ке 2% төлейді.

Сонымен қатар, 3, 4 млн теңге алатын адам табысқа пропорционалды қатынаста МӘМС-ке 0,5% төлейді. Бұл жағдайда әлеуметтік төндік пен өділеттілік қағидатын сақтау туралы айту мүмкін емес.

Мемлекет жарналарының мөлшерлемелерін кезек-кезегімен арттыру

Бүгінгі таңда халықтың жеңілдетілген санаттары үшін мемлекеттің МӘМС жарналары 2%-ды құрайды. Словакияда мөлшерлеме - 14%, Литвада - 9%, Чехияда - 14,5%.

2027 жылдан бастап мемлекет жарналарын 2037 жылға қарай 2%-дан 4,7%-ға дейін кезек-кезегімен арттыру көзделген. Бұлжұмысшылар мен жұмыс берушілер үшін жарналарды ұлғайтуға, ұзақ мерзімді перспективада медициналық көмекті қаржыландырудың тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

«Біз МӘМС жүйесін барлық қатысушы үшін нақты, өділ және түсінікті ережелермен қалыптастырамыз. Бұл жүйенің негізгі бенефициары - пациент. Біздің міндетіміз - оған уақтылы, сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету», делінген Денсаулық сақтау министрлігінің хабарламасында.

Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін жаңғырту аясында медициналық көмектің бірыңғай базалық пакетін енгізуді көздейтін заң қабылданды. Бұл бастама денсаулық сақтау саласындағы кепілдік берілген қызметтерді нақтылауға, жүйенің ашықтығын қамтамасыз етуге және халыққа көрсетілетін көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ БІРЫҢҒАЙ БАЗАЛЫҚ ПАКЕТІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Заңнамалық негіз

2024 жылғы 2 қыркүйекте жарияланған Президент Жолдауында бюджет мүмкіндіктері мен азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, мемлекеттік медициналық көмектің бірыңғай базалық пакетін қалыптастыру тапсырылған болатын. Осыған сәйкес Денсаулық сақтау министрлігі медициналық көмекті қаржыландырудың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету және халық үшін медициналық қызметтерді тиімді ұйымдастыру мақсатында бірқатар өзгерістерді іске асырып отыр.

Негізгі мақсаттар

Бірыңғай базалық пакетке кезек-кезеңімен көшу арқылы келесі міндеттер шешіледі:

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен МӘМС арасындағы қайталанатын қызметтерді болдырмау;
- Медициналық қызметтер тізбесін нақтылау және ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қызмет көрсетудің сапасын және қолжетімділігін арттыру;
- Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын нығайту;
- Нақты сақтандыру моделіне біртіндеп көшу.

Бұл бағыттағы негізгі жаңашылдықтардың бірі - аурулардың алдын алу және ерте диагностикаға ерекше назар аудару. Мәселен, 2026 жылдан бастап онкологиялық ауруларды анықтауға арналған скринингтер барлық азаматтарға, сақтандыру мәртебесіне қарамастан, қолжетімді болады.

Бірыңғай пакет шеңберінде көрсетілетін қызметтер

Сақтандырылмаған азаматтар үшін де бірқатар медициналық қызметтер қолжетімді болып қала береді. Атап айтқанда:

- Емхана деңгейінде алғашқы медициналық-санитариялық көмекке жүгіну;
- Вакцинация;
- Онкологиялық ауруларға скринингтер;
- Әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған жағдайда диагностикалық зерттеулер;
- Жедел және шұғыл медициналық көмек;
- Инфекциялық аурулар кезінде емдеу;
- Диагностика, емдеу және алдын алу шаралары (барлық әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша тегін дерлік заттармен қамтамасыз ету);



- Қан компоненттерімен қамтамасыз ету;
- Паллиативтік көмек және ұзақ мерзімді күтім.

Бұл шаралар әлеуметтік мәртебесіне қарамастан халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Халықаралық тәжірибе

Қазақстандағы бастамалар халықаралық тәжірибеге негізделген. Мысалы: Ресейде тегін медициналық көмек пакеті санитариялық авиацияны, АИТВ/ЖИТС, туберкулез, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар мен психикалық ауруларды қамтиды.

Эстонияда - жедел медициналық көмек, АИТВ/ЖИТС, инфекциялар, туберкулез және психикалық аурулар бойынша қызметтер көрсетіледі.

Литвада медициналық көмек тек жедел жағдайлармен шектелген.

Германия мен Нидерландыда бұл қызметтер негізінен мейіргерлік күтімді қамтиды.

Қаржылық тұрақтылық

Бірыңғай пакетті қалыптастыру барысында Денсаулық сақтау министрлігі сыртқы сарапшылармен бірлесіп отырып, барлық медициналық қызметтер мен олардың құнын жан-жақты талдаудан өткізді. Бұл тәсіл ресурстарды оңтайлы бөлуге, медициналық қызметтерді қаржыландыру тетіктерін жетілдіруге және жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бірыңғай базалық пакетке көшу - халық денсаулығын қорғау бағытында қабылданып отырған жүйелі және маңызды қадам. Бұл бастама медициналық қызметтердің нақты құрылымын қалыптастырып, азаматтарға көрсетілетін көмекті ашық әрі тиімді етуге бағытталған. Денсаулық сақтау саласындағы бұл өзгерістердің басты мақсаты - сапалы, қолжетімді және әлеуметтік өділетті медициналық қызмет көрсету.

АУДАН СПОРТШЫЛАРЫ ЛАЙЫҚТЫ ӨНЕР КӨРСЕТТІ



Жалғасы, басы 1-бетте.

Солтүстік Қазақстан облысында дәстүрге айналған бұл спартакиада биыл Тайынша ауданында өтуде. Олар эстафетаны Есіл ауданынан қабылдаған болатын. Мұнда спорттың 51 түрінен сайыстар өтуде. Оның ішінде 16-сы – олимпиадалық емес, 9-ы – ұлттық, ал 14-і – мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт түрлері.

Жарыстың ашылу салтанатына облыс әкімі Ғайез Нұрмұхамбетов те қатысып, өңірде бұқаралық спортты дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, қазіргі кезде ауылдық жерлерге баса назар аударылған. Мәселен, биыл Аққайың ауданының Дайындық ауылында жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Есіл ауданының Петровка ауылында жабық хоккей корты іске қосылған. Ал, ЕМС Agro компаниясы Тайынша ауданында спорткешенінің құрылысына 374 млн теңге жұмсады.

«Солтүстік Қазақстан – спорт дәстүрі берік өңір. Еліміздің абыройын асқақтатып жүрген жерлестеріміз аз емес. «Ақ бидай» – жай ғана жарыс емес, ол – жаңа есімдерді ашатын, тәжірибе алмасатын, ауыл жастарын қанаттандыратын алаң. Бұл ойындар жастарды жеңіске жетуге, ерік-жігерді шыңдауға баулиды. Спорт – денсаулықтың, сұлулықтың, мінездің айнасы. Жарыс кезіндегі сезім мен әсер ешнәрсемен салыстыруға келмейді», – деді облыс басшысы.

Сөз соңында аймақ басшысы барлық қатысушыларға сәттілік, жоғары нәтиже және адал күрес тіледі.

Облыстың барлық 13 ауданы қамтылған бұл ауыл спартакиадасына мыңға жуық спортшы қатысып, олар футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, еркін күрес, велоспорт және тағы басқа 12 спорт түрі бойынша бақ сынады.

Аталмыш додаға мағжандық спортшылар да қатысып, бақ сынады. Мәселен, біздің құрама команда оқ атудан - III орынды жеңіп алса, футбол жарысында - III орынды иеленді. Ал ерлер арасында өткен баскетбол жарысында біздің команда күміс медальды ұтып алды.

Жалпыкомандалық есепте Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы 224 ұпаймен IV орынға ие болды. Үшінші орынды 229 ұпаймен Тимирязев ауданы иеленсе, екінші орынға 246 ұпаймен Қызылжар ауданы жайғасты. Алаң иелері - Тайынша ауданы 351 ұпаймен «Ақбидай» спартакиадасының жеңімпазы атанды.

Айта кетейік, келесі жылы облыстық жазғы спорт мерекесі Шал ақын ауданында өтеді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШ

БОТАЙ – АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ

Петропавл қаласында бірегей археологиялық ескерткіш – «Ботайға» арналған монументалды өнер нысанының салтанатты ашылуы өтті. Жаңа монумент Ботай мәдениетінің Қазақстан мен бүкіл адамзат тарихындағы маңыздылығын бейнелейді.

Бұл монумент тарихи-мәдени мұраны есте қалдырумен қатар, жұртшылықтың туған өлке тарихына қызығушылығын арттыруға бағытталған.

– Бүгін біз үшін тарихи маңызы зор айтулы күн. «Ботай» археологиялық ескерткішіне арналған монументалды өнер құрылысының салтанатты ашылуы – халқымыздың көне өркениетін ұлықтау, тарихымызды ұрпақ санасына сіңіру жолындағы маңызды қадам, – деді облыс әкімінің орынбасары Жүсіп Жұмағұлов.

Монументтің шымылдығын ашу құрметіне облысымыздың құрметті азаматы Құдайберген Қалиев пен профессор, тарих ғылымдарының кандидаты Анатолий Плешаков ие болды.

– Энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» тұрағының Қызылжар аумағынан табылғаны көздейсоқ емес. Тарихи орынды анықтау оңайға соқпады. Біз жан-жақтан ақпарат алып, өзіміздің болжамдарға сүйеніп, Айыртау ауданына бардық. Сол төңіректен құнды

дүниелер табылды. Үйге бір сөмке артефактпен оралдық. Бұл тарихи жаңалық болды, – дейді Анатолий Плешаков.

Монументтің биіктігі 14 метрді құрайды. Төменгі бөлігі граниттен қашалса, жоғары жағы, яғни ат, ер адамның бейнесі, жер шары мен таңбалы тастар қоладан жасалған. Ескерткіштің авторлары: Мұрат Садықов, Асқар Нартов пен Жалын Бауырқан. Өнер иелерінің айтуынша, монументтің әр бөлігінде терең мән-мағына жатыр.

– Бұл монументтің композициялық құрылымы өте күрделі. Үш түрлі тұғырдан тұрады. Астындағы Жер шары Қызылжарда алғаш рет жылқының қолға үйретілгенін бейнелейді. Таңбалы тастардың да өз айтары бар, – деді мүсінші Жалын Бауырқан.

Монумент маңы гүлмен көмкеріліп, жанына орындықтар қойылған.

Рабиға ЕРАЛЫ,
«Soltustik Qazaqstan».



ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

МӨРТЕБЕСІ ҚАЛА БОЛҒАНЫМЕН, МӘСЕЛЕСІ ШАҢ-ЕТЕКТЕН

Сергеевканың тарихы өріден басталады. Іргетасы 1899 жылы қаланса да, 1961 жылға дейін қатардағы елді мекен ретінде ғана танылып келген. Тек гидроэлектростанция, су қоймасы, сияқты бүкілодақтық маңызды құрылыстардың салынуы арқасында қоныстанушылар саны күрт артып, он мыңнан асып жығылған. Ал 1999 жылғы санақ қорытындысында жеті мыңға дейін төмендеп кеткен. Халық санының кемуіне өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы экономикалық дағдарыстың айтарлықтай әсер еткені байқалады. Әсіресе темір-бетон, азотты-оттекті, құрғақ сүт, нан-тоқаш өнімдері сықылды өңдеуші кәсіпорындардың жабылуы салдарынан жұмыс орындары күрт қысқарып, жұмыссыз қалған адамдар тұрмысқа жайлы жер іздеп, үдере көшкен. Бүгінде қаладағы 50 көпқабатты үйдің 20-сы ғана жылыту жүйесіне қосылған. Күн суытқанда пеш жағу, көшедегі құбырдан су тасу жұртшылық үшін таңсық емес. Мүмкіндігі барлары тіршілік көзін үйлеріне дейін тартып, аристон, бойлер орнатып алған. Оған екінші бірінші қаржылық шамасы жете бермесі анық.

«Қалада тұрамыз деген атымыз болмаса, ауылдан еш айырмашылығы жоқ. Ауыл мәртебесі қайтарылса, мемлекеттік артықшылықтарға ие болар едік. Көптеген жеңілдіктерден айырылып отырмыз. Бөрінен де жас мамандардың тұрақтауы өте қиын. Халықтың дені бюджеттік мекемелерде жұмыс істейді, сауда-саттықпен айналысады. Ірі өндіріс орындары жоққа тән. Мұғалім, дәрігер, басқа сала мамандары тапшы», – деді Шал ақын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрар Оразалин.

Булаево мен Мамлютканың да жадайы осыған ұқсас. Тұрғындар саны да, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері де деңгейлес.

Қазақстандағы моно және шағын қалалардың ерекшеліктері мен үрдістерін, олардың елдің демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін зерттеумен шұғылданып жүрген Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты жергілікті филиалының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрболат Әбуовтың айтуынша, шағын қалалар инфрақұрылымдардың тозуы, жалақының аздығы, өмір сүру сапасының төмендігі, жаңа жұмыс орындарының ашылмауы сияқты созылмалы, қайталанбалы проблемаларға тал болып отырғандықтан, жоғары биліктің белсенді қолдауы ауадай қажет.

– Бұрындары қолданыстағы заңнамада қала мәртебесін өзге елді мекендерге ауыстыру механизмі қарастырылмай, өзгерістерге бөгесін болып келгені жасырын емес. 2020 жылы Парламент Мәжілісі депутаттарының бастамасымен «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңға түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, қабылданды. Ол бойынша елдің әкімшілік-аумақтық бірліктерінің санаттары нақтыланды. Енді жедел іске кірісу ғана қалды, – деген ғалымның сөзіне алып-қосарымыз жоқ.

Бұл мәселе жөнінде белгілі журналист,

Статистикалық жоспарлау және рефермалар агенттігі ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша елімізде аудандық деңгейде 48 шағын қала есепте алынған, бірақ еліміздің үштен бірі бұл өлшемге сәйкес келмейді. Өйткені аудандық мәртебеге ие болудың басты шарты – халық санының 10 мыңнан кем болмауы және де тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық өмір сүру деңгейі белгілі саналық мамандарға жауап беруді тиіс. Оңғарыда бұл санатқа тартып шағын қала кіреді. Ұлттық экономика министрлігі жариялаған нәтиже сүйенсек, Сергеевқа, Булаево және Мамлютқа қала мәртебесінен айырылып, елді мекенге қайтарылмауы мүмкін. Себебі олардың қысқаша техникалық нәтижесі.



экс-мәжілісмен Көрібай Мұсырман да бірнеше рет қалам тартып, дабыл қаққан болатын.

Жоғарыдағы заңның күшіне енгеніне бес жылға жуық уақыт өтсе де, қос өкпеден қысқан өзекті жайттың не себепті асқынған аурудай созылып кеткенін білмек оймен облыстық экономика басқармасы инновациялық саясат бөлімінің жетекшісі Татьяна Долгихпен хабарласқан едік.

«Заңда жазылғандай, аудандық маңызы бар қалаларға аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар, коммуналдық шаруашылық, мемлекеттік тұрғын үй қоры, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарының, мәдени-ағарту және сауда объектілерінің дамыған желісі бар, халқының саны кемінде 10 мың адам болатын елді мекендер жатады. Үш шағын қаланың мәртебесіне өзгерістің қажеттілігі жан-жақты ескеріліп, зерттелген, еш талас тудырмайды», – деді Татьяна Николаевна. Осы жерде «онда не қолбайлау болып отыр?» – деген заңды сауал туындайды.

Татьяна Долгихтің айтуынша, біріншіден, заңнамалық тұрғыдан өзір-

ленген мемлекеттік және әлеуметтік қолдау стандарттары кезең-кезеңмен жүзеге асыру белгіленген. Онда қала болмаса ауыл мәртебесін берудің көрсеткіштері толық көрсетіледі. Соған орай бюджет белгіленеді. Стандарттық жүйенің іске қосылғанына – екі жыл ғана. Екіншіден, бірінші кезекте жергілікті аумақ тұрғындары пікірі ескеріледі. Қала әкімі өкілді органмен бірлесіп отырып, ауылды елді мекен ретінде қайта құру туралы ұсынысты облыстық мәслихат пен әкімдікке қолдау тапса, одан әрі Үкіметке жолдайды. Содан кейін Мемлекет басшысына тиісті ұсыным енгізіледі. Ал Булаевоға ауыл мәртебесін беру туралы тұрғындар жиынының шешімі облыстық әкімдік тарапынан қолдау тапты.

– Мәселенің өңірлік деңгейде оң шешілгеніне қуаныштымыз. Аудандық маңызы бар қалаға ауыл мәртебесі берілсе, ауылдарда еңбек ететін денсаулық сақтау, мәдениет, білім, әлеуметтік қамсыздандыру, спорт салаларындағы қызметкерлердің жалақысына 25 пайыздық үстеме қосылады. Екіншіден, мектеп түлектеріне оқуға түсу үшін қабылдау квотасы қарастырылады.

Үшіншіден, «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында жас мамандарға қолдау көрсетіледі, яғни оларға көтерме жәрдемақы мен баспана алуға бюджеттік несиелер беріледі. Санамалық берсе, артықшылықтар көп», – деді Булаево қаласының әкімі Азамат Бірімжанов.

Сергеевқа қаласының әкімдігімен хабарласқанымызда телефон тұтқасын көтерген мамандар 2024 жылы ұсыныстың жергілікті мәслихатқа жіберілгенін айтумен ғана шектелді.

Облыстық экономика басқармасынан мамлюттқтер ауыл мәртебесін алуға қарсы болыпты деген ақпаратты алысымен қала әкімі Асқар Оразалиновке хабарластық.

– Шынын айтсам, мәселеден хабарсызбын. Анықтайын, сосын сізбен хабарласамын, – деген Асқар Кеңесұлы содан ізім-қайым жоғалды.

Оның әкім бола тұра өзекті тақырыпқа мойын бұрмауы таң қалдырды. Бүгінде шекаралық аумақта орналасқан Мамлютқа тұрғындарының саны – бар-жоғы 6800. Ірі кәсіпорындардан үн үгу комбинаты ғана жұмыс істеп тұр. Үй шаруашылықтарының 53,5 пайызы баспана көмірмен жылытады, 30,7 пайызы суды сырттан тасиды. Осындай әлеуметтік теңсіздіктер салдарынан соңғы ширек ғасыр ішінде тұрғындардың саны 24,7 пайызға дейін кеміп кеткен. Мұнда да бюджет қызметкерлері үстемәқылар мен артықшылықтардан сырт қалған. Кадр тұрақсыздығы – «бас ауруларының» бірі.

Экономика басқармасының мәлімдеуінше, қала мәртебесі берілетін ауылдар саны да артпақ. Бұл мәртебеге өңірден тұрғындар саны 10 мың межеден әлдеқашан асып кеткен Бескөл мен Новошиим кенттері ілігіп тұр. Дегенмен бескөлдтер кентке қала мәртебесінің берілуіне үзілді-кесілді қарсы.

– Басшылар алдымен бюджет қазынасын толтырудың, ол үшін шағын өндірісті өркендетіп, жаңа жұмыс орындарын құрудың, өнімдерді қалдықсыз өңдеудің жолдарын ойластырғандары жөн. Басты мәселе қаржыландыруға келіп тіреледі. Осы жағы дұрыс реттелсе, тұрмыс та, инфрақұрылым да жақсарады. Әйтпесе, қала мәртебесін бергеннен ештеңе ұтпаймыз. Қайта ұтыламыз, көптеген жеңілдіктерден айрылып қаламыз. Бұл – жеті рет өлшеп, бір рет кесетін келелі мәселе. Мәртебеге сәйкестігі кеңенді түрде анықталып, соңғы сөзді тұрғындар айтуы тиіс», – деді академик-ғалым Аяз Рамазанов.

Болашағы бұлыңғыр шағын қалаларға ауыл мәртебесін тезірек беретін уақыт жетті. Оған ешқандай кедергі жоқ. Жетіспей тұрғаны – шағын қала басшыларының жұртшылықтың талабына жеткілікті түрде көңіл бөлмеуі мен патриоттық ерік-жігері. Ал қала атануы тиіс ауылдардың осы мәртебеге лайық болуы тағы да басшылардың іскерлігіне байланысты. Себебі бұрынғыдай мемлекеттің бюджетіне иек артпай, қала ретінде өзі-өзі асырауға даяр болуы қажет.

Өмір ЕСҚАЛИ,
«Soltustik Qazaqstan».

ЖАРТЫЖЫЛДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 1,5 МИЛЛИОННАН АСТАМ ЛИЦЕНЗИЯ МЕН РҰҚСАТ ҚҰЖАТЫН РЕСІМДЕДІ

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында қазақстандықтар 1,5 миллионнан астам лицензия мен рұқсат құжатын ресімдеді

Сығыс 1,5 миллион лицензий и разрешений оформили казахстанцы в первом полугодии 2025 года



«Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қорының ақпараттық жүйесі Қазақстан Республикасының электрондық үкіметін қалыптастыру және дамыту бағдарламасы аясында құрылған. Жүйе лицензиялар мен рұқсат құжаттарын алу

үдерістерін автоматтандырып, мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдері арасындағы тиімді әрі ашық өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді. Бүгінде жүйеде 4 миллионнан астам пайдаланушы тіркелген, олардың ішінде 3,8 миллионы –

жеке тұлғалар, 255 мыңы – заңды тұлғалар.

2025 жылдың бірінші жартысында платформада төрт жаңа қызмет қолжетімді болды:

– Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни

2025 жылдың қаңтарынан бастап elicense.kz платформасы арқылы 1,5 миллион мемлекеттік қызмет көрсетілді. Күн сайын бұл платформаны шамамен 30 мың адам пайдаланады – бұл лицензиялау және рұқсат беру саласындағы цифрлық құралдарға деген тұрақты сұранысты көрсетеді.

білім беру саласында, сондай-ақ көмекке толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтерін көрсетуге арналған білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру;

– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында білім беру қызметімен айналысуға лицензия беру;

– Балаларға қосымша білім беру саласында қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама;

– Отандық шикізат тауарларының тізбесіне енгізілген шикізаттық тауарларды экспорттауға лицензия беру.

Elicense.kz платформасындағы ең суранысқа ие қызметтердің қатарында:

– Жеке көсіпкер ретінде қызмет

бастағаны туралы хабарлама – 325 мың қызмет көрсетілді;

– Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларына халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің аумағы арқылы жүруге рұқсат беру – 132 мың қызмет;

– Клиникалық тәжірибеге жіберу үшін маман сертификаттың беру – 104 мың қызмет.

Жүйе үнемі жетілдіріліп отырады: жаңа қызметтер қосымша салаларды қамтып, лицензия алу үдерісі азаматтар мен бизнес үшін жеңіл әрі жедел бола түсуде. «Е-лицензиялау» МДҚ АЖ қағазбастылықты едәуір қысқартып, өтініштерді қарау мерзімдерін жылдамдатуға мүмкіндік берді.

МО ИРБП ПЛАТФОРМАСЫ: 66 МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚАРАЛЫМ, ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ПЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҒА ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

GOV.KZ порталындағы «Өмірлік жағдайлар» – бұл жай ғана жаңа функционал емес, мемлекет пен азамат арасындағы цифрлық өзара іс-қимылдың сапасын арттыруға бағытталған жүйелі кадам. Қазіргі таңда платформада «Жеке куәлікті жоғалту», «ЖОО-ға түсу», «Басқа өмірге көшу», «Бала туғанда берілетін жәрдемақы» және т.б. тақырыптарды қамтитын 169 материал жарияланған. Платформаның мүмкіндіктері туралы азаматтардың кеңінен хабардар болуы үшін ауқымды ақпараттық науқан іске қосылды.

Бұл бағыттағы жұмыстармен қатар, платформаны дамыту жалғасуда. Бүгінде МО ИРБП базасында 3546 мемлекеттік органның интернет-ресурсы жұмыс істейді, ал жалпы құрылған сайттардың саны 4000-нан асты. 2024 жылдың басынан бастап платформаға келушілердің жалпы саны 66 миллионнан асты, оның ішінде қазақстандық пайдаланушылардың үлесі 86%-дан жоғары. Ең танымал сайттар – Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Цифрлық даму министрлігі, Қорғаныс министрлігі және Астана қаласы әкімдігінің ресурстары. Қаралымдардың 60%-дан астамы мобильді құрылғылар арқылы жасалауда, бұл интерфейстердің ыңғайлылығы мен бейімділігін көрсетеді. 2024 жылы жоба отандық QazTech технологиялық платформасына көшірілді. Сонымен қатар негізгі сервистерді дамыту жұмыстары жалғасты: Qoldau.gov.kz тақырыптық сайты іске қосылды, төтенше

МО ИРБП платформасы: 66 миллионнан астам қаралым, қолжетімділік пен функционалдың жаңа деңгейі

Платформа ЕПІР ГО: больше 66 млн посещений, новый уровень доступности и функционала



2025 жылғы 14 шілдеге Astana Hub алаңында «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы» (МО ИРБП) жобасының DEMO DAY іс-шарасы өтті. Кездесудің басты тақырыбы – жобаны азаматтар арасында танымал ету болды. Әсіресе, платформадағы басты бөлімдердің бірі – «Өмірлік жағдайлар» блогына ерекше назар аударылды. Бұл бөлім азаматтарға нақты өмірлік жағдайларға қажетті қызметтерді, рәсімдерді және әрекеттерді түсінуге көмектеседі.

жағдайлар кезінде халықты хабардар етуге арналған мәтіндік трансляция сервисі, ЖСН бойынша әлеуметтік көмек тексеру модулі, еріктілерге арналған функциясы бар ашық сыбайлас жемқорлыққа қарсы портал және «Е-қызмет» жүйесімен біріктірілген бос жұмыс орындарын жариялау модулі іске қосылды. Бұдан бөлек, барлық мемлекеттік органдарға қоғамдық

кеңестер мен есептілік туралы ақпаратты жариялауға арналған бірыңғай модульдер ұсынылды. Платформа халықаралық деңгейде де дамуда – шетелдік пайдаланушылар үшін бейімделіп, Тәжікстан башылығына Одақтастық декларациясы аясында таныстырылды.

2025 жылдың бірінші тоқсанында платформаның барлық сайттары қайта ди-

зайндаудан өтті, бұл ретте қолжетімділік талаптары ескерілді. WCAG 2.2 негізіндегі СТ РК 2191-2023 стандартына сәйкес келуі қамтамасыз етіліп, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін АА деңгейіне қол жеткізілді. Тақырып құрылымы мен навигация логикасы түзетілді, басқару элементтері мен мультимедиялық контентке мәтіндік сипаттамалар қосылды, пернетақтамен толық басқару мүмкіндігі енгізілді. Мамыр айында платформа «МТҚ» АҚ сынақтарынан сәтті өтіп, ақпараттық қауіпсіздік бойынша бес оң қорытынды алды.

Бүгінде платформа базасында сайт құру 15 минуттан аспайды және әзірлеушілердің қатысуын қажет етпейді. Контентті басқарудың икемді жүйесі арқылы мемлекеттік органдар өз бетінше өзгерістер енгізіп, сайтты өзекті ақпаратпен толықтыра алады.

Жыл соңына дейін платформаның функционалын кеңейту, контентті автоматты түрде мониторингтеу жүйесін енгізу, мемлекеттік органдар мен өкілдіктердің сұраныстары бойынша жаңа модульдер әзірлеу жоспарлануда. Сонымен қатар, «Өмірлік жағдайлар» бөлімін барлық мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына кіріктіру жұмыстары жүргізілуде. DEMO DAY барысында қатысушылар бұл жобаның мемлекет пен азаматтар арасындағы ашықтықты, цифрлық қолжетімділікті және коммуникация тиімділігін арттырудағы маңызды құралға айналғанын атап өтті.

«Бірыңғай цифрлық терезе» сервисі eGov Business мобильдік қосымшасында қолжетімді болды. Бұл функционал пайдаланушыларға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен логистикалық қызметтер бойынша ыңғайлы әрі тиімді өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ EGOV BUSINESS-ТЕ ҚОЛЖЕТІМДІ

Сервистің басты мақсаты – логистикалық қызметтердің сапасын арттыру. Бірыңғай цифрлық терезе арқылы пайдаланушылар шарттарды басқару, өз операциялары бойынша аналитикалық деректерді алу, Call-орталыққа немесе әлеуметтік желілер арқылы сұрау жолдау сияқты түрлі цифрлық құралдарды пайдалана алады. Сонымен қатар, енді клиенттер қызметке өтінімді оңай рәсіммен қана

қоймай, жүктерінің мәртебесін нақты уақыт режимінде қадағалап, көрсетілген қызмет сапасына қатысты кері байланыс бере алады.


Қызметті пайдалану үшін пайдаланушыға:

– eGov Business мобильді қосымшасына кіріп, «Қызметтер» бөліміне өту қажет;

– «АҚ ҰК ҚТЖ» – қызметтің таңдау керек;

«ҚТЖ» ҰК» АҚ логистикалық қызметтері eGov Business-те қолжетімді

Логистический сервис АО «НК «ҚТЖ» доступен в eGov Business




– қызметпен танысу қажет.

Жаңа функционалдың іске қосылуы логистикалық үдерістердің тиімділігін арттыру жолындағы маңызды қадам болды. Бұл сервис «ҚТЖ» ҰК» АҚ көрсететін қызметтерді бірыңғай платформада біріктіріп, оларға жылдам әрі ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Жаңа қызмет ҚР Цифрлық даму, ин-

новациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайна СЕЙДАХМЕТ,
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.



Дүйсенбі, 21 шілде	Сейсенбі, 22 шілде	Сәрсенбі, 23 шілде	Бейсенбі, 24 шілде	Жұма, 25 шілде	Сенбі, 26 шілде	Жексенбі, 27 шілде
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 06.45, 04.55 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.45 АТАМЕКЕН. 13.25 «ТҮЛҒА», Д/Ф. 14.00 Т/Х «ШАХМАТШЫ ҚЫЗ». 15.50 ЗАМАНДАСТАР. 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 17.20, 03.05 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.00 САНА. 05.00 ЕҢ ДӘМДІ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.35, 13.25 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.50, 04.55 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.50, 05.05 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.45 АТАМЕКЕН. 14.00 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 17.20, 03.05 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.00 САНА. 05.15 ЕҢБЕК АДАМЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.35, 13.25 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.30 АТАМЕКЕН. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 17.20, 04.40 МАҢҒЫСТАУҒА САЯСАТ. 17.40, 03.05 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.00 САНА. 05.05 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.35, 13.25 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.50 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 04.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.30 АТАМЕКЕН. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 17.20, 04.40 МАҢҒЫСТАУҒА САЯСАТ. 17.40, 03.05 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.00 САНА. 05.05 ТЕЛЕДӨРІГЕР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 06.35, 13.25 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 08.00 Т/Х «БІЗБЕН БІРГЕ». 08.50, 05.05 АУЫЛДАСТАР. 09.25 Т/Х «ДАРХАН БАТЫР». 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 03.50 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50, 03.20 АТАМЕКЕН. 14.40 Т/Х «АЛМАСАЙ». 15.40 ЗАМАНДАСТАР. 16.50, 04.30 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 04.40 АҚТАУДАҒЫ ДЕМАЛЫС. 17.40, 03.00 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЖАЙДАРМАН. 23.10 Т/Х «КӨЗАЙЫМ». 00.05 ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК. 02.00 САНА. 03.35 Д/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 23.30 АҚПАРАТ. 06.35 АУЫЛДАСТАР. 07.00 «ТАNSHOLPAN». 08.00 М/Ф «ЭЛВИН МЕН АЛАКОРЖЫНДАР». 08.35 М/Ф. 09.05 ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ. 09.35, 03.10 МАҢҒЫСТАУҒА САЯСАТ. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 КОНЦЕРТ. 13.30, 04.20 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.00 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 16.00, 04.45 ЕҢ ДӘМДІ. 16.50, 23.50, 03.00 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.30 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЗАМАНДАСТАР. 00.00 «КРУЭЛЛА», Х/Ф. 03.35 Д/Ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25 «ҚОҢЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.50 М/Ф. 07.20 М/Ф «ҮШ МАРҒАУ». 07.50, 12.30 КОНЦЕРТ. 08.55, 23.30 «АҚТАУДАҒЫ ДЕМАЛЫС». 09.20, 02.10 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 23.55 «БАУ-БАҚША». 13.35, 00.25 «ӨРТТЕН КЕЙІНГІ ОМІР». 14.10 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 16.10 «ЗАМАН АРТ». 17.00 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 НАРТӨУЕКЕЛ. 00.55 Д/Ф. 01.25 «ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН КЕМЕ АПАТТАРЫ», Д/Ф. 02.40 АУЫЛДАСТАР. 03.05 КҮМІС КӨМЕЙ.

Дүйсенбі, 21 шілде	Сейсенбі, 22 шілде	Сәрсенбі, 23 шілде	Бейсенбі, 24 шілде	Жұма, 25 шілде	Сенбі, 26 шілде	Жексенбі, 27 шілде
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДУЫРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 COVER SHOW-3. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 11.30 ОЙНАҚ. 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ӨПКЕ». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 М/Ф. 11.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ХУЛИГАНЫ-3», Х/Ф. 14.00 «ХХІ ҒАСЫР КОШБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 19.00 ЖАЙДАРМАН. 21.00 «ЧЕРЕЗ ГОД В ЭТО ЖЕ ВРЕМЯ», Х/Ф. 23.15 «РОДНОЙ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 07.30 КОНЦЕРТ. 09.30 М/Ф. 11.00 М/Ф. «ПИНГВИНЕНОК ПОРОРО» НАПАДЕНИЕ МОНСТРОВ». 12.00 «ЧЕРЕЗ ГОД В ЭТО ЖЕ ВРЕМЯ», Х/Ф. 14.00 ЖАЙДАРМАН. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ХУЛИГАНЫ-3», Х/Ф. 23.00 «ДУБАЙ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 21 шілде	Сейсенбі, 22 шілде	Сәрсенбі, 23 шілде	Бейсенбі, 24 шілде	Жұма, 25 шілде	Сенбі, 26 шілде	Жексенбі, 27 шілде
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «ВЕРНИ МЕНЯ». 14.10, 01.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.10 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ТРИГГЕР-2». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 01.45 НОВОСТИ. 14.20, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА». 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 03.20 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ЛИСТ ОЖИДАНИЯ». 12.55 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 03.00 НОВОСТИ. 14.15, 03.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕС. 21.45 «НЕВСКИЙ. ТЕНЬ АРХИТЕКТОРА», Х/Ф.	06.00, 04.00 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 02.40 «П@УТИНА». 08.50 ПОЕХАЛИ. 09.40 «ОДНА ТЕНЬ НА ДВОИХ», Х/Ф. 13.40 «СЛОВНО НЕ БЫЛО РАЗЛУКИ», Х/Ф. 18.00 Т/С «СТАРШАЯ ЖЕНА». 20.00 «ВОПРЕКИ ВСЕМУ», Х/Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.40 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.15, 01.50 «П@УТИНА». 09.10 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.20 Т/С «ВОПРЕКИ ВСЕМУ». 13.40 «ТЕМНЫЕ ЛАБИРИНТЫ ПРОШЛОГО», Х/Ф. 17.55 Т/С «КАЖДОМУ СВОЕ». 20.00 «ДРУГАЯ СЕМЬЯ», Х/Ф. 00.30 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Кімде-кім халқынан алмаса тәлім,
Оны үйрете алмас ешбір мұғалім.
Жүсін БАЛАСАҒҰН.
Адам өмірі-қамшының сабындай ғана қысқа
екен, досы көп, ұрпақ тәрбилеген ұтады екен.
Қыз ақылды ескермес-ана үлгісін көрмесе
Ұл жарлықпаз ас бермес-әке үлгісін көрмесе.
ҚОРҚЫТ АТА.



ТАЛАПКЕР - 2025

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ СҚУ-ДА ГРАНТҚА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Шілденің 13-і күні Қозыбаев университетінде грант конкурсына құжат қабылдау комиссиясы өз жұмысын бастады. Білікті мамандар осы айдың 20-на дейін білім нәрімен сусындаймын деген әр талапкерге қызмет көрсетеді.

Жергілікті білім ордасының мамандары жыл бойы еліміздің түкпір-түкпірін аралап кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізді. Сол себепті, биыл университетке түсетін талапкерлердің саны өткен жылға қарағанда көп болады деп күтілуде. Айта кету керек, өңіріміздегі жалғыз оқу орнының қабылдау комиссиясы Түркістан, Шымкент, Ақтау, Қызылорда қалаларында да жұмыс істеп тұр. Бұл оңтүстік пен батыстық ұл-қыздардың мыңдаған шақырым еңсеріп, өрі-бері жүрмеуі үшін жасалған.

«Биыл мемлекет тарапынан 79 мың білім гранты бөлінді. Соның мыңнан астамы біздің университетке бағытталды. Педагогикалық квота бойынша 300 грант беріледі», - деді Манаш Қозыбаев атындағы СҚУ академиялық мәселер жөніндегі басқарма мүшесі Айгүл Нүрсейісова.



Кез келген талапкерді жатақхана университетінің студенттеріне бұл жайлы мәселесі алаңдатыны сөзсіз. Қозыбаев уайымдаудың еш қажеті жоқ. 2024

жылдың соңында білім ордасының 1200 орнына шақталған қос зәулім, заманауи жатақханасы қолданысқа берілген болатын. Демалыс күні болса да келген талапкерлердің қарасы қалың болды. Бір айта кететіні, нысан ішінде бұрынғыдай ұзын-сонар кезек болмады. Ұл-қыздар бұрынғыдай талон алып сандалып жүрмеді. Смартфоны арқылы QR кодты сканерлеп, сауалнаманы толтыру арқылы кезекке тұрды. Тиісінше, шақыру хабарламасы талапкердің электрондық поштасына келіп түсті.

«Ағылшын пәні мұғалімі мамандығына тапсыратын боламын. Себебі, қазіргі заманда шет тілін жетік меңгерген жандардың жетістікке жету мүмкіндігі жоғары. Қозыбаев университеті өзіме қатты ұнайды. Аға-өңкелерім аталған білім ордасында оқыды. Тиісінше, олар маған аталған оқу орнында білім алуға кеңес берді», - деді талапкер Жанбота Төлебай.

Айта кету керек, білім ордасында шілде айының басында шығармашылық емтихан тапсыруға құжат қабылданған болатын. Аталған бағыт бойынша 350-астам талапкерден өтініш түскен екен.

БІЛІМ БЕРУ



БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ 70 ПАЙЫЗЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚУДЫ ТАҢДАҒАН

Биыл бірінші сыныпқа өтініш қабылдау 1 сәуірде басталды. Осы уақытқа дейін еліміздің мектептеріне 273 643 бала қабылданған.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, құжат тапсырғандардың 70 пайызы мемлекеттік тілде оқуға өтініш берген.

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, 1-сыныпқа ата-анасының өтініші бойынша балалар 6 жастан бастап қабылданады. Құжаттарды мемлекеттік eGov.kz электрондық үкіметі, сондай-ақ қағаз нұсқада өткізуге болады.

Қазақстан азаматтары үшін Жалпы білім беретін орта мектепке қабылдауға қажетті құжаттар тізімі:

- 1) ата-ананың немесе заңды өкілінің өтініші;
- 2) №065-у нысанындағы денсаулық жағдайы туралы анықтама және №052-

2/у нысанындағы баланың денсаулық паспорты;

3) өлшемі 3x4 см сурет (2 дана)

Шетел азаматтары үшін: Ата-аналар немесе басқа заңды өкілдер Қазақстанда уақытша немесе тұрақты тұруы керек. Шетелдіктер мектепке Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығы туралы және тұрғылықты жері бойынша тіркеу туралы құжаттарды ұсынуы тиіс.

Өтініш демалыс және мереке күндерді қоспағанда дүйсенбіден жұмаға дейін қабылданады.

Айта кетейік, бірінші сыныпқа құжат қабылдау 31 тамызға дейін жалғасады.

2025 ЖЫЛДЫҢ 3-ШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мағжан Жұмабаев ауданы экономика және қаржы бөлімінің басшысы - Қыраубаев Азамат Жаңбырбайұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ге дейін, басшының орынбасары - Наталья Юрьевна Тищенко апта сайын бейсенбі күні сағат 10.00-ден 18.20-ға дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, тел. 2-19-56, 2-17-97.

Мағжан Жұмабаев ауданы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы - Мұсатаев Қанат Мерекеұлы апта сайын сейсенбі күні сағат 09.00-ден

18.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 24, «Қаржы және экономиканы бөлімі» КММ ғимараты, тел. 2-12-01.

Мағжан Жұмабаев ауданы мәдениет және спорт бөлімінің басшысы - Әбілмәжін Әділжан Әсетұлы апта сайын сәрсенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 31, тел. 2-07-55.

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі басшысының м.а. - Абсалықова Айгүл Ерікжанқызы

әр бейсенбі күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды. Мекен жайы: Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56, 2-20-90.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалының директоры Әбілмәжін Төлеген Әлжанұлы дүйсенбі сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін, сәрсенбі сағат 09:00-ден 12:00-ге дейін Булаев қаласы, Береговая көшесі, 23, 1 кабинет, 2 қабат, тел. 2-12-02.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, сонымен қатар аудандық атқарушы атқарушының атқарушы тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің сақтамау жағдайлары мен лауазымдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқық бұзушылығын анықтау мақсатында мына сенім телефондары бойынша ақпараттандыру қажет:

«Мағжан Жұмабаев ауданының экономика және қаржы бөлімі» КММ - 8(71531) 2-19-56.

«Мағжан Жұмабаев ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» КММ - 8(71531) 2-12-01.

«Мағжан Жұмабаев ауданының кәсіпкерлік бөлімі» КММ - 8(71531) 2-80-78.

«Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат,

мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ - 8(71531) 2-20-90.

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив істері басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрағаты» КММ Мағжан Жұмабаев ауданы филиалы - 8(71531) 2-12-02.



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ ЕСКЕРТЕДІ!

eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы "банктік несиелерді, микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тарту" қызметін қосып, өзіңізді алаяқтардан сақтаңыз

eGov mobile



Сізге қатысты
алаяқтық жасалған
жағдайда дереу

102 нөміріне
хабарласыңыз

Директор - бас редактор
Неля ГОПЧАР
Газеттің меншік иесі:
«Ақтау-Вест» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым нүктесі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyzy» газеті
редакция тілінің беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петровская к., Кошукос к-сі, 5 үй).
Таралымы - 615

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәжілістің тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми баспамен болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарыны білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады